

Бекітілген
Қыр

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Болашақ»МДҰ

Топ: «Қарлығаш» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 29.04-04.05.2023-2024 оқу жылы

Топ тәрбиешілері:

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 29.04.2024	Сейсенбі 30.04.2024	Сәрсенбі 01.05.2024 (демалыс)	Бейсенбі 02.05.2024	Жұма 03.05.2024	Сенбі 04.05.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы, көтеріңкі көңіл-күймен қарсыалу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу. Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет)					
	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Әуенді ойын: «Көңіл күй» Міндеті: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында кимылдар жасау. (Музыка)	Балаларды амандасу бұрышында қарсы алу. (Музыка)		Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту.	Балаларды нейро жаттығулармен қарсы алу	Балаларды көтеріңкі көңіл-күйді білдіретін смайликтермен қарсы алу. (Музыка)
Ата-аналармен немесе баланың	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, көктем мезгіліне арналған киім түрлері туралы кеңестер					

басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Жеке бас гигиенасын сақтау туралы кеңестер беру	Отбасындағы бала тәрбиесі жайлы кеңестер беру		Көктем мезгіліне арналған киіну үлгісі туралы кеңестер беру	Сұрақтарға жауап беру, ұсыныстарды тыңдау	Демалыс кезінде күн тәртібін сақтау, туралы кеңестер беру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Ойын бұрышындағы ойындар, сурет салу, бояу кітаптары, үстел ойындары (жұмбақтар, домино), дизайн, кітаптарды қарау, табиғат бұрышындағы жұмыс (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балалармен жеке жұмыс					
	Дидактикалық ойын: «Пішіндерді дұрыс орналастыр» Мақсаты: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу	Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдері» Мақсаты Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, бұршақ, кемпірқосақ) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы,		Дидактикалық ойын: «Не, қайда орналасқан» Мақсаты: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне	Дидактикалық ойын: «Табиғатты қоғаймын!» Мақсаты: Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау) баулу. Өз өмірінің қауіпсіздігінің	Дидактикалық ойын: «Өсімдіктерді күту» Мақсаты: Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының

	<p>арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)</p>	<p>күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. (Қоршаған ортамен таныстыру,</p>		<p>қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)</p>	<p>қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)</p>	<p>мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. . (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)</p>
--	--	--	--	---	---	---

		математика негіздері)				
Ертеңгілік жаттығу	<p>1. Кіріспе бөлімі Маршпен адымдап, тізені жоғары көтеріп қолды оңға-солға бұлғап жүру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшында бойларын созып жүру. Қолдарын белге қойып, өкшемен жүру. Алақандарын өкшеге тигізіп шапалақ соғудан жүру. Кезекпен тізені көтеріп, астынан шапалақ соғып, жүру. Өрмекші жаттығуымен жүру. Қолды тізеге қойып, бақаша алға секіру. Қолды белге қойып, аяқ ұшын алға кезекпен лақтырумен жылжу. Жылдам қарқында жүгіру Бөлініп Зколлонаға тұру. Созылып арақашықтықты қадағалау. 2. Негізгі бөлімі 1. Қолды белге қойып, басты оңға-солға бұру иыққа көзін салып. 2. Оң қолды белге қойып, сол қолды оңға қарай бұру. Келесі жаққа сол белде оңға қарай. 3. Б. қ тік тұру, қолды төмен түсіріп. Қолды жоғары көтеруден артқа апарып шалқаю, қолдарын еденге тигізумен иілу. 4. Қолды алда иықтың көлемінде тік ұстап, оң алақанға сол аяқты, сол алақанға оң аяқты тигізумен аяқты созу. 5. Еденге отыру аяқта алшақ ашып, оң аяқтың башпайына алақанын тигізумен басын тізеге салу. Кейін келесі жаққа осылай орындау. 6. Тізені кезекпен жоғары көтеріп, орында секіру. Кезектестіріп жәй жүру. 6-8р 6 -8р 6-8р 6р 6-8р 10р</p> <p>3. Қорытынды бөлімі Тынысты қалыптастыру. Бір қатарға тұрып жәй жүру. 6-8р</p>					
Таңғы ас	<p>Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени –гигиеналық дағдылар өзіне-өзі қызмет көрсету; Еңбек дағдылары :қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сұрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)</p>					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу және т. б. Ұйымдастырылған іс әрекетке заттарды дайындауға көмектесу (бірлескен әрекет, кезекшілік)</p>					
Мектепке дейінгі ұйымның	Дене шынықтыру Тақырыбы:	Музыка Маман жоспарына		Музыка Маман жоспарына	Дене шынықтыру (таза ауада)	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Биіктікке секіру»

<p>кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>«Допты қағып ал» Міндеті: Домалату, қағып алу, лақтыру. Заттар арасымен доптарды құрсауларды домалату. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5метр қашықтықта), допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру. Ұйымдастыру бөлімі: Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар Қолды алға, екі жаққа, жоғары</p>	<p>сәйкес</p>		<p>сәйкес</p>	<p>Тақырыбы: «Секіру түрлері» Міндеті: Секіру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру), 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; бір орында оңға, солға бұрылып секіру Ұйымдастыру бөлімі: Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар Қолды алға, екі</p>	<p>Міндеті: 4–5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см), 20–25 см биіктікке секіру; бір аяқпен секіру (шамамен 4–5 рет он және сол аяқпен). Қысқа секіртпемен секіру (демалу үзілістері бар 2–3 реттен 10 секіру). Ұйымдастыру бөлімі: Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа</p>
---	---	---------------	--	---------------	---	---

көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу.

жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою,

сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. (Жаттығуларды заттармен орындау). Негізгі қимылды жаттығулар:
- 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру (сызықтардың арақашықтығы - 40-50 см), 20-25 см биіктікке секіру; бір аяқпен секіру (шамамен 4-5 рет оң және сол аяқпен). Қысқа секіртпемен секіру (демалу үзілістері бар 2-3 реттен 10 секіру).

<p>(Жаттығуларды заттармен орындау). Негізгі қимылды жаттығулар: - өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүреді, -жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүреді, -қол мен аяқ қимылдарын үйлестіріп жүреді. Қадағалау, бақылау, көмек беру. Қимылды ойын: «Мені</p>				<p>желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. (Жаттығуларды заттармен орындау). Негізгі қимылды жаттығулар: -Секіру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру -(2-3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру), -- -2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; бір орында оңға, солға бұрылып секіру Қадағалау, бақылау, көмек беру. Қимылды</p>	<p>Қимылды ойын: «Мені қуып жет» Мақсаты: Балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшандыққа, қызыға ойнауға баулу. Жол ережесін білуге және сақтауға тәрбиелеу. Тыныс алу жаттығуы: «Мұрынмен тыныстау» Еркін ойындар ойнау. Қазақ тілі Тақырыбы: «Үйшік ертегісі» Міндеті: Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Кітаптан ертегілер,</p>
--	--	--	--	--	--

	<p>қуып жет” Мақсаты: Балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу. Жол ережесін білуге және сақтауға тәрбиелеу. Тыныс алу жаттығуы: «Мұрынмен тыныстау» Еркін ойындар ойнау.</p>			<p>ойын: «Мені қуып жет” Мақсаты: Балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу. Жол ережесін білуге және сақтауға тәрбиелеу. Тыныс алу жаттығуы: «Мұрынмен тыныстау» Еркін ойындар ойнау.</p>	<p>көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру Шаттық шеңберінде: «Қайырлы таң» Қайырлы таң, ашық аспан! Қайырлы таң, кең далам! Қайырлы таң, күннің нұры! Қайырлы таң, балабақшам -Қазір жылдың қай мезгілі? – Көктем мезгілінің ерекшеліктері қандай? Дидактикалық ойын: «Қандай ертегі» 1. Артикуляциялық</p>
--	--	--	--	--	--

						<p>жаттығу: «Сағат тілі» Сергіту сәті: Ал ,балалар тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп, бір Отырып, бір тұрып , Сәл тынығып алайық. (Қимылмен орындайды, қайталайды) Қорытындылау. Балаларды жетондармен мадақтау</p>
Серуенге дайындық	<p>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (Сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)</p>					
Серуен -бақылау, зерттеу әрекеті; еңбекке баулу -қимылды ойындар, ұлттық ойындар, спорттық ойындар мен	Серуен №8 Сүңгілерді бақылау. Бақылау Балалармен бірге сүңгілерді қарау.Сүңгілердің пішіні, көлемі әр түрлі болатынын атап өту. Олардың	Серуен:9 Өзендегі мұздың еруін бақылау. Бақылау Көктемде күн қызуын мол шашып, күн жылына бастайтынын		Серуен:10 Қар бетінің төмен түсуін бақылау Қардың төмен түсуі күн сайын арта түседі, түсі сұрғұлт тартып, қар беті	Серуен: № 11 Ағаштарға бақылау жасау Бақылау Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын	Серуен №12.Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау. Балалардың назарын аққайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық

<p>жаттығулар; -балалардың дербес әрекеті;</p>	<p>пайда болуын түсіндіру (қар ериді,су тамшылайды,бір ақ үнемі бірдей,жылы емес;күн суық болғанда су тамшылары қатады,мұздақ төмен қарай өседі). Балалардың көктемгі табиғаттың құбылысы жайында түсінігін кеңейту. Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама. Тапсырма 1. «Шелекке қанша су жиналады?» Шелекті далаға</p>	<p>түсіндіру. Өзен мен көлдерде сең жүре бастайды. Балалармен ұздағы жарықтарды ң пайда болуын қарау.Мұз ластанады,өй ткені жағадағы сулар жылғалар арқылы құйыла бастайды.Мұ з үстімен адамдар жүрмейді. Табиғат құбылыстар ына деген</p>		<p>күрткітеніп,ас ты борпылдақ қар болатынын түсіндіру.Көкт емгі қардың жағдайы туралы балалардың білімін бекіту.Табиғат та болып жатқан өзгерістердің себебі туралы айтып өту. Танымдық қызығушылық тарын дамыту. Қимылды ойын «Жолды тап» Бағыт бойынша аулада кеңістікті</p>	<p>бақылау. Ағаштарды бұрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Терек пен аққайыңның бұтағын салыстыру(аққайы ңның бұтағы жіңішке,иілгіш,қаб ығы қоңыр- қызыл,бүрі ұсақ, бұтақта бір-бірлеп орналасқан;терек бұтағы аққайыңға қарағанда жуан,қабығы сұрғылт- жасыл,бүрі ірі,ұзын, жабысқақ және хош иісті, бір-бірлеп өседі)Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін</p>	<p>қозғалысы болатынын атап өту. Бұл процесс көкетмде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту. Қимылды ойын «Орман дақтары» Балалардың өз</p>
--	---	---	--	---	---	---

<p>бірнеше күнге қойып, төбедеп аққан судың мөлшерін анықтау. Қорытынды. Су біртіндеп көбейеді, яғни, қар күннен-күнге тез ериді. Тәжірибе. Мұздақтардың астына шелек қойып, күн мол түсетін және күн түспейтін тұстарын бақылап, қай тұста шелек тез толды? Қорытынды. Жарық жақтарымен таныстыру. Мұздақтардың ұзару себебін</p>	<p>байқампаздық пен қызығушылықты дамыту. Өз беттерінше қорытынды жасап, сөздік қорды байыту. Қимылды ойын «Өзенге, жағаға» (Эстон халық ойыны) Белгі бойынша кателеспей әрекет жасауды үйретуді жалғастыру (бастаушы бұйрық береді, бірақ</p>		<p>бағдарлай алуды бекіту. Аулада ойын мәресінен финишқа дейін жүгіру. Кеңістікті бағдарлауды дамыту. Еңбек іс-әрекеті Өз қалауымен бірлескен еңбек әрекетіне қатыса білуге тәрбиелеу. Еңбек әрекетіне белсене қатысқан балаларды мадақтау. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен</p>	<p>атай білуге үйрету. Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу. Қимылды ойын «Ағаштан ағашқа» Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту. (кімде-кім аз секірсе сол, жеңімпаз) ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Ойын барысында жолдастарымен ақылдаса білуді дамыту. Еңбек іс-әрекеті Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау.</p>	<p>бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен қымтап ұстаған баланы қозғауға болмайтынын, ойынға деген қызығушылықты арттыру. Еңбек іс-әрекеті Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту. Еңбек барысында еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптамалар</p>
--	--	--	---	--	---

<p>түсіндіру. Тапсырма 2. Әртүрлі ауа райындағы тамшыны тыңдау. Қорытынды. Аязды және бұлтты күндері тамшылар жоқ. Өзіндік іс-әрекет. Балалардың ойын мазмұны мен тақырыбын жетілдіруді дамыту. Өз ойларын жүзеге асыру,яғни ойында рөлдерге бөлуде ойыншық пен міндеттерді бөлісуде құрдастарының</p>	<p>өзі бөтен қимылдар жасайды). Өзенге секіру,жағаға секіру(жерде бір-біріне қарама-қарсы сызықтар). Ойын кезінде жаттығу жасауда күш пен жігерлікті дамыту. Еңбек әрекеті Балықтарға күтім жасау.(Қажеттілікпен жұмыс) Аквариумдағы судың тазалығын</p>		<p>сараптама «Қар қандай,сипатта?» Көктемдегі қардың өзгерісін бекіту:борпылдақ,сұр,лас. Тәжірибе.Қарды күреу Өзіндік іс-әрекет Әр бала өз қалауы бойынша еріген қар бетіндегі қоқысты тазартады. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>	<p>Еңбек нәтижесін көру,топқа бірнеше бұтақты жинап әкеп,келесі бақылауды ұйымдастыру. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама «Біздің үй қайсы,тап?» Сипаттау бойынша ағашты таба білуге үйрету. Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында жұбымен бірге бірлесіп,ойын нәтижесін бөлісе білуге үйрету. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>	<p>Тапсырма. Шырын бөліп тұрған ағашты тауып, бақылау. Қорытынды Ағаш қабығының астынан мөлдір сұйық бөлінеді,дәмі тәтті, ауада тотығады,қызғылт түске енеді. Өзіндік іс-әрекет Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру.</p>
--	---	--	--	---	--

<p>ойына келіспеушілік білдіру.</p>	<p>қадағалау. Ондағы шөптер мен судың жағдайын карап, күтім жасау. Балықтарды күтуге деген ықыласты дамыту. Дидактикалық ойын. Тәжірибе және сараптама «Алдымен не содан соң ше?» Көктемде болатын құбылыстардың логикалық тізбегін бекітуді үйрету. (күн</p>				
-------------------------------------	---	--	--	--	--

		қызуын мол шашады, қар мен мұз ери бастайды т.с.с)				
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б. (көркем әдебиет, ойын әрекеті, еңбек қызметі)					
	Дидактикалық ойын: «Әңгіме құрастыр» Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сөйлемдегі сөздерді	Дидактикалық ойын: «Кім? Не?» Мақсаты: Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға,		Дидактикалық ойын: «Тұрмыстық заттар» Мақсаты: Сөздік қорды ересектердің мамандықтары н білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөздік қорды заттар	Дидактикалық ойын: «Қонақ күту ережесі» Мақсаты: Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Дикция бойынша	Дидактикалық ойын: «Әке мен бала» әңгімесі Мақсаты: Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің

	<p>байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)</p>	<p>шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)</p>	<p>тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын үйрету. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)</p>	<p>жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)</p>	<p>образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, Қазақ тілі)</p>
--	--	--	---	--	--

<p>Түскі ас</p>	<p>Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгінііліп қою,көркем сөздерді қолдану,мысалы: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау</p>				
<p>Түскі ұйқы</p>	<p>Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (тыныш музыка тыңдау). Ертегі айту, кітап оқу (көркемдік қызмет)</p>				
	<p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бесік жыры» музыкасын тыңдату (музыка)</p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау</p>		<p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ойыншықтар» музыка (музыка)</p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бесік жыры» әнін тыңдату. (музыка)</p>
<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>Төсек үсті жаттығулары. Ұйқы ашар жаттығуларын жасауға қызығушылығын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсартуға тырысу, оларды дұрыс және дәл орындай білуге үйрету. Балалардың жалпы физиологиялық жетілуін жақсарту, қимыл қозғалыс арқылы биологиялық қажеттілігін қанағаттандыру, жағымды эмоцияналды көңіл күй ортасын жасау. Алақан мен аяққа арналған жаттығулар. Ұсақ саусақ маторикасын дамытуға және майтабанның алдын алуға зор әсер етеді.</p>				

	Алақанға арналған «Кірпі» жаттығуы. Тікенек допты алақанға салып, айналдыру. 2) Табанға арналған жаттығу. 3) Бақайға арналған жаттығулар.					
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру. Тамақтану мәдениетіне тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау					
Балалардың дербес әрекеті	<p>Дидактикалық ойын: «Ғажайып гүлдер» Мақсаты. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін кию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Зәулім үй» Мақсаты Құрылыс материалдары нан, «лего» конструкторлардан құрастыру, орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс</p>		<p>Дидактикалық ойын: «Қызғалдақ» Мақсаты: Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Бақбақ» Мақсаты: Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Сурет салуда</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Әдемі құмыра» Мақсаты: Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы,</p>

	қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)	бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)		жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау	әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау	үшбұрыш пішіндегі казак оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс, жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)					
	Әміре тәулік бөліктерін ажыратуға олардың сипаттық ерекшеліктерін білуге үйрету.	Ермахан қағаз парағын түрлендіруге үйрету		Аяна өзінің туған жерін атай білуге үйрету	Әміреестіген дыбыстарын дұрыс, анық айтуға жаттықтыру	Аяулым белгілі дыбысқа ауызша сөздерді таба білуге дағдыландыру.
Серуенге	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну (ауа-райына					

дайындық	байланысты), дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)					
Серуен	<p>Серуен: №8 Сүнгілерді бақылау Қимылды ойын: «Шелекке қанша су жиналады?» Шелекті далаға бірнеше күнге қойып, төбеден аққан судың мөлшерін анықтау</p>	<p>Серуен: №9 Өзендегі мұздың еруін бақылау. Қимылды ойын: «Өзенге, жағаға» Белгі бойынша қателеспей әрекет жасауды үйретуді жалғастыру (бастаушы бұйрық береді, бірақ өзі бөтен қимылдар жасайды). дамыту.</p>		<p>Серуен: №10 Қар бетінің төмен түсуін бақылау Қимылды ойын: «Жолды тап» Бағыт бойынша аулада кеңістікті бағдарлай алуды бекіту. Аулада ойын мәресінен финишка дейін жүгіру. Кеңістікті бағдарлауды дамыту.</p>	<p>Серуен: №11 Ағаштарға бақылау жасау Қимылды ойын «Ағаштан ағашқа» Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту. (кімде-кім аз секірсе сол, жеңімпаз) ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Ойын барысында жолдастарымен ақылдаса білуді дамыу</p>	<p>Серуен №12. Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау. Қимылды ойын «Орман дақтары» Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту.</p>
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап, кеңес түрлерін беру.					